

Перзентхана бөлімшесінде босанған әйелдерден немесе туыстарынан мейірбикелерге “көрімдік” ретінде ақша немесе сыйлық алу тәжірибесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау

2025 жылғы 25 маусым

Құрманғазы ауылы

Ішкі талдау барысында, босанған әйелдер мен олардың туыстары тарапынан перзентханадан шығарылған кезде мейірбикелерге “көрімдік” ретінде ақшалай не заттай сыйлық беру әдетке айналғаны анықталды. Бұл әрекет ресми түрде көрсетілмеген, бірақ бейресми түрде кең таралған тәжірибе.

Осы жерде нақты тәуекел бар, себебі:

Бұл әрекет медицина қызметкері мен пациент арасындағы бейтарап қатынасқа зиян келтіреді;

Қызмет көрсетудің сапасы мен әділдігіне сенім төмендеп, науқастар арасында теңсіздік туындайды;

“Көрімдік” беру міндетті элементке айналса, ол жасырын түрде жүйелік сыбайлас жемқорлыққа ұласуы мүмкін;

Бұл тәжірибе заңдық тұрғыдан тыйым салынған және қызметкерге де, мекемеге де жауапкершілік жүктейді;

Сыртқы бақылау органдары немесе БАҚ назарына ілінсе, мекеме беделіне орны толмас зиян келуі ықтимал.

Ақша беру – адамдардың дәстүрлі алғыс білдіру ниетінен туындаса да, бұл тәжірибе медицина мекемесінде бейресми қарым-қатынас пен жемқорлықтың жасырын түрінің қалыптасуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайларға жол бермеу – мекеме әкімшілігі мен барлық қызметкерлердің ортақ міндеті.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен Еңбек кодексі негізінде:

- Мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлеріне заңда көрсетілмеген негізде сыйақы алу – сыбайлас жемқорлық белгісі болып саналады;
- ҚР заң талаптары бойынша заңсыз материалдық сыйақы алу – әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғады;
- «Медицина қызметкерлерінің әдеп кодексі» бойынша – науқаспен бейресми қарым-қатынас орнатуға, сыйлық, ақша алуға тыйым салынады.

Анықталған мәселе – бұл тек жекелеген қызметкердің іс-әрекеті емес, сонымен қатар ұйым мәдениеті мен қоғамдық санадағы қалыптасқан

бейресми тәжірибесінің көрінісі. Сондықтан бұл жағдаймен кешенді түрде күресу қажет. Жоғарыда аталған ұсыныстар орындалған жағдайда, бұл тәуекелді азайтуға және мекеменің ашық, әділ қызмет көрсетуін қамтамасыз етуге болады.

Сондықтан бұл мәселе жүйелі түрде қарастырылып, оны алдын алу шаралары нақты қолға алынуы тиіс.

Заңгер, комплаенс офицер



Э.Г.Мұғалім